

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы
N 1231 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 наурыз N 467 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.17. N 49 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында теңіз сауда кемелерінің жүзу құқығы жөніндегі уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1231 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 1993 ж., N 48, 584-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы "құқығы жөніндегі уақытша ережені" деген сөздер "құқығын берудің тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) 1-тармақтың екінші абзацында "құқығы туралы уақытша ереже" деген сөздер "құқығын берудің тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақ алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында теңіз сауда кемелерінің жүзу құқығы туралы уақытша ережеде:

тақырыбындағы "құқығы туралы уақытша ереже" деген сөздер "құқығын берудің тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталсын;

2-тармақ "немесе шетелдік лизинг беруші мен қазақстандық лизинг алушы арасындағы лизинг туралы шарт бойынша берілген" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "Көлік министрлігі" деген сөздер "Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Көлік министрлігі" деген сөздер "Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 - тармақ алынып тасталсын;

10-тармақтағы "осы Ереженің" деген сөздер "осы Тәртіптің" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтағы "Көлік министрлігі" деген сөздер "Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

12 - тармақ алынып тасталсын;

13-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі шешімінің мерзімі біткені жөнінде бербоут-чартер бойынша теңіз сауда кемесінің берілуі туралы шарт жасасқан тараптарды" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығын қайтарып алу туралы шешімінің мерзімі аяқталуы бойынша теңіз сауда кемесінің иесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 1, 2 және 3-қосымшаларда:

"құқығы туралы уақытша ережесі" деген сөздер "құқығын беруді" тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бекітілген" деген сөз мемлекеттік тілдегі мәтінінде дұрыс жазылған; көрсетілген қаулыға 1 және 3-қосымшаларының 6-тармақтарында:

"Көлік министрлігіне" деген сөздер "Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Көлік министрлігімен" деген сөздер "Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Су көлігі департаментінің директоры" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі бұрын қабылданған ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары